АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

27.02.2026

Үшарал қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 59

город Ушарал

Стендтер мен белгілерді және мерекелік туларды дайындау бойынша қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. **Стендтер мен белгілерді және мерекелік туларды дайындау бойынша қызметтерді** «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының **28) тармақшасына** сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы өткізу.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А. Абишев**

001899

Қарсы емеспін

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишев

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Үшарал қаласының аумағында өткізілетін қоғамдық-саяси, мәдени-бұқаралық іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыру, сондай-ақ қала келбетін безендіру және мерекелік атмосфера қалыптастыру мақсатында стендтер мен белгілерді және мерекелік туларды дайындау қызметтерін жедел түрде ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр.

Аталған қызметтердің уақытылы орындалуы іс-шараларды сапалы өткізуге, қала аумағын тиісті деңгейде рәсімдеуге және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қызметтерді мерзімінде көрсетпеу жоспарланған іс-шаралардың талапқа сай ұйымдастырылмауына және бекітілген мерзімдердің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты, мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Балама сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану бұл жағдайда тиімсіз, себебі олар қосымша уақытты талап етеді. Бұл өз кезегінде қызметтердің уақытылы көрсетілмеуіне және жоспарланған іс-шаралардың мерзімінде жүзеге аспауына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген заң нормасына сәйкес, стендтер мен белгілерді және мерекелік туларды дайындау бойынша қызметтерді бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**